Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы

**Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы"Ақтөбе қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің " Ақтөбе қаласының М.Құрманғалиева атындағы №32 жалпы білім беретін орта мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін өзін-өзі бағалау қорытындысы**

2022 жыл

## 1. Жалпы сипаттама

1. Білім беру ұйымының толық атауы:
   «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «М.Құрманғалиева атындағы №32 жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2. Білім беру ұйымының орналасқан жері:

Қазақстан,Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, 11 ықшам ауданы ,74 «А» пошта индексі 030008

3. Заңды тұлғаның байланыс деректері: Телефон : 8 (7132) 73 03 24
   электронды пошта: aktobe_gim32@mail.ru
   Web-сайт: mektep32.edu.kz

4. Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері :
   М.Құрманғалиева атындағы №32 мектеп-гимназия директоры Джамбулова Айжан Сматовна
   Байланыс телефондары:87132 73-03-24 ұялы телефон 87771930707 , Ақтөбе қаласының білім бөлімінің 2016 жылдың 5 қазанындағы №588 бұйрығымен №32 мектеп-гимназиясының директоры болып тағайындалды.

5. Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары:
   «Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі, Ақтөбе облысының Әділет департаменті мемлекеттік қайта тіркеуі 2017 жылы 25 тамызда жүргізілді.

6. Рұқсат беру құжаттары:
   Лицензия: Лицензиар «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Ақтөбе облысының Білім саласындағы бақылау департаменті» мемлекеттік мекемесі. 13.12.2017 жыл № KZ 74LAA00010509

**2-параграф. Бастауыш, негізгі, орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарамаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары:**

**13.1. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып бастауыш, негізгі, орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар.**

1. Ақтөбе қаласы М.Құрманғалиева атындағы №32 жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясында 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарына арналған жұмыс жоспарлары жасалды. МЖМБС талаптары айқындалған, жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестелген. Оқу жылдарының **ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ**: «Оқу-тәрбие үрдісіне инновациялық педагогикалық технологияларды белсенді енгізу, рухани-адамгершілік құндылықтарды басқа пәндермен интеграциялау арқылы жанды біліммен қаруланған функционалдық сауатты тұлға қалыптастыру»

**Мақсаты:** Білім мен тәрбие беру жүйесінде жеке тұлғаның ой дербестігін, ойлау икемділігін дамытып, шығармашылық сипаттағы білім-білік, икем-дағдыны қалыптастырып, оқушылардың білім сапасын арттыру арқылы жеке тұлғаны жан – жақты дамуына жағдай жасау

**Міндеттері:**

- Болашақ кемел, өмір сұранысына, заман талабына сай жан жақты дамыған гимназия түлегінің моделін «Парасат», «Әділет» арқылы қалыптастыру.
- Ақыл-ойы жете дамыған, парасат-пайымы терең, саналы шешімге даяр ұрпақ тәрбиелеу.
- Қанағат, тоқтамға келу, кез келген ортада өзін-өзі ұстай білуге баулу.
- Ар ождан тазалығы, шындық пен әділет жолын таңдауға көмектесу.
- Жан сұлулығы, мейірімділікке, қайырымдылыққа жетелеу.
- Рухани танымын кеңейту.
- Оқушыны белгілі мақсатты нәтижеге бағдарлап оқыту.
- Оқушы бойында ізгілікті, жаңашырлықты, өмірге деген көзқарасты қалыптастыру.
- Шығармашыл жеке тұлғасын қалыптастыру.

**13.2. Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі-ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі.**

Ақтөбе қаласы М.Құрманғалиева атындағы №32 жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы қызметін өзін-өзі бағалау кезінде төрт оқу жылындағы оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестелерінің құрылуы, мектептің кәсіподақ ұйымымен келісіліп, мектеп директорымен бекітілді. 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020,2020-2021 оқу жылдарының сабақ кестелері аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілді. Сабақ кестесі оқу жұмыс жоспарына сәйкес жасалды.

1-11-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары оқу жұмыс жоспары бойынша құрылды.

**2017-2018 оқу жылында** 1-4 сыныптар аралығында 20 сынып комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 22 сынып комплекті, 10-11 сыныптар аралығында 7 сынып комплектісіне оқу жұмыс жоспары жасалды.

**1,2 сыныптар** аралығында оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2016 жылғы 15 шілдедегі №453 бұйрығының 1-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

**3,4 сыныптар** бойынша оқу жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығының 1-қосымшасымен жасалған.

**5,7 сыныптарға** арналған оқу жоспарларын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2017 жылғы 18 тамыздағы №422 бұйрығының 1-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

**6,8,9 сыныптардың** оқу жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 4-қосымшасы басшылыққа алынды.

**10,11 сыныптар** бойынша оқу жұмыс жоспары жаратылыстану-математика бағыт және қоғамдық-гуманитар бағыт Қазақстан Республикасының Білім және ғылым 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 7,8-қосымшасы басшылыққа алынған.

**2018-2019 оқу жылында** 1-4 сыныптар аралығында 20 сынып комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 22 сынып комплекті, 10-11 сыныптар аралығында 6 сынып комплектісіне оқу жұмыс жоспары жасалды.

**1,2,3 сыныптар** аралығында оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2016 жылғы 15 шілдедегі №453 бұйрығының 1-қосымшасында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сәйкес.

**4 сынып** Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығының 1-қосымшасында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалған.

**5-8 сыныптарға** арналған оқу жоспарларын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2017 жылғы 18 тамыздағы №453 бұйрығының 1-қосымшасында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалды.

**9 сынып** Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығының 4-қосымшасында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалды.

**10-11 сыныптар** жаратылыстану-математика бағыты және қоғамдық-гуманитар бағыты бойынша оқу жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығының 7-8-қосымшасында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалды.

**2019-2020 оқу жылында** 1-4 сыныптар аралығында 20 сынып комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 23 сынып комплекті, 10-11 сыныптар аралығында 5 сынып комплектісіне оқу жоспары жасалды.

**1-4 сыныптар** аралығында оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу

туралы 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығының 1-қосымшасында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалды.

**5-9 сыныптарға** арналған оқу жоспарларын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығының 4-қосымшасында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалды.

**10 сыныптар** жаратылыстану-математика бағыты бойынша оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығының 23-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

**10 сыныптар** қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығының 25-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

**11 сынып** жаратылыстану-математика бағыты бойынша оқытылады. Оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2013 жылғы 28 шілдедегі №296 бұйрығының 8-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

**11 сынып** қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша оқытылады. Оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2013 жылғы 28 шілдедегі №296 бұйрығының 7,8-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

**2020-2021 оқу жылында** 1-4 сыныптар аралығында 20 сынып комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 24 сынып комплекті, 10-11 сыныптар аралығында сынып комплектісіне оқу жұмыс жоспары жасалды.

**1-4 сыныптар** аралығында оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығының 1-қосымшасында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалды.

**5-9 сыныптарға** арналған оқу жоспарларын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығының 4-қосымшасында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалған.

**10 сыныптар** қоғамдық-гуманитар бағыты бойынша оқу жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2019 жылғы 15 мамырдағы №205 бұйрығының 1-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

**10 сыныптар** жаратылыстану-математика бағыты бойынша оқу жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2019 жылғы 15 мамырдағы №205 бұйрығының 1-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

11 сынып қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша оқытылады. Оқу жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы

№500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2019 жылғы 15 мамырдағы №205 бұйрығының 1-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

11 сынып жаратылыстану-математика бағыты бойынша оқытылады. Оқу жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2019 жылғы 15 мамырдағы №205 бұйрығының 2-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

**2021-2022 оқу жылында** 1-4 сыныптар аралығында 21 сынып комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 24 сынып комплекті, 10-11 сыныптар аралығында 8 сынып комплектісіне оқу жоспары жасалды.

**1-4 сыныптар** аралығында оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 14-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

**5-9 сыныптарға** арналған оқу жоспарларын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 19-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

**10 сыныптар** бойынша оқу жоспары жаратылыстану-математика бағытта Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 27-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

**10 сыныптар** бойынша оқу жоспары қоғамдық-гуманитарлық бағытта Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 29-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

**11 сыныптар** бойынша оқу жоспары қоғамдық-гуманитарлық бағытта Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 29-қосымшасы басшылыққа алынып, 10 -11- сынып оқушыларын өз деңгейлеріне қарай дүниежүзі тарихы-география, дүниежүзі тарихы-құқық негіздері пәндеріне бағытталған. 10-11 сынып оқушыларының өтініштері арқылы қоғамдық-гуманитар бағытында оқытылады.

**11 сынып** жаратылыстану-математика бағыты бойынша оқытылады. Оқу жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 27-қосымшасы басшылыққа алынған. Бейінді оқытуға байланысты 10 -11- сынып оқушыларын өз деңгейлеріне қарай физика-география, химия-биология,физика-биология пәндеріне бағытталған. 10-11 сынып оқушыларының өтініштері арқылы жаратылыстану-математика бағытында оқытылады.

**5-9 класс аралығындағы базалық кластар** (5Г,6В,7Б,8Г,9В) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығының 6-қосымшасы басшылыққа алынды.

**13.3.Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі-ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру.**

2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарының оқу жұмыс жоспарлары, сынып журналдары мен сабақ кестелері жасалып, кәсіподақ ұйымымен бірлесе отырып, мектеп директорымен бекітілді. Инвариантты компонент пәндері базалық мазмұны "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына сәйкес жасалып бекітілген. Оқу бағдарламасына сәйкес өткізілген сабақтар сынып журналдарына енгізілді. Оқу жылына арналған ұзақ

мерзімді жоспарда бір оқу жылына арналған оқу мақсаттары қамтылып, бөлімдер мен тақырыптарды меңгеруге жұмсалатын сағат саны көрсетіліп, ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес бөлімшелерге арналған сағат саны бөлініп, күнтізбелік-тақырыптық жоспарды педагогтар әзірлеп мектептің пән бойынша әдістемелік бірлестік отырысында қарастырып, бекітілді. 10,11 сыныптарда жалпы орта білім берудің базалық мазмұны жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитар бағытында бейінді оқытудың міндетті оқу пәндері мен бейіндік оқу пәндері бойынша оқытылады.

**13.4. білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру.**

М.Құрманғалиева атындағы №32 мектеп-гимназиясында 2017-2018, 2018-2019 оқу жылдарында тәрбие жұмысын жоспарлауда «Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді тұлға тәрбиелеу» мақсатында 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» басшылыққа алынып, мектептің тәрбие жұмысы жоспарланып, жүргізіледі. Жалпыадамзаттық құндылықтарды дарыту мақсатында білім алушыларға түрлі бағыттағы шаралар жоспарланып, өткізілді. «Тербеткен әлем бесігін, жүрегімде ана есімің», «Тіл тірегіміз,соғып тұрған жүрегіміз», «Қарттарын қадірлеген ел ардақты!» тақырыбында ардагерлермен дөңгелек үстел, «Елімнің бақытын тербеткен – Тәуелсіздік!» тәрбие сағаттары, «Қыз бала – елдің шырайы» тақырыбында әңгіме сағаттары, сонымен қатар өзін-өзі тану пән апталығының жоспарынада рухани құндылықтарды дамыту мақсатындағы шаралар қарастырылып, іске асырылып отырды.

2019-2020 оқу жылында тәрбие жұмысын жоспарлауда 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне және ҚР. Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазан №525 бұйрығымен бекітілген ҚР. өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері басшылыққа алынды.

2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында ҚР. Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуір №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес, тәрбиенің жұмыс жоспарлары құрылып, бекітілген. Тәрбиенің 8 басым бағыты жоспарда толық қамтылған. Әр бағыт бойынша іс-шаралар мақсатты жоспарланып, жүзеге асырылды.

Жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру мақсатындағы 2020-2021 оқу жылында Республикалық «Бақытты бала –Бақытты ел» акциясы аясында «ЮНЕСЕФ балалар қорымен» тәрбие сағаттары , «Қартын қадірлеген ел ардақты» қарттарға көмек көрсету акциясы, «Наурыз нақыштары» сурет байқауы, «Бата алу » облыстық көрісу күніне арналған флешмоп,, «Абайдың асыл мұралары» тақырыбындағы танымдық шаралар түрлі форматта ұйымдастырылды.

2020-2021 оқу жылында тәрбиенің басым бағыттары негізге алынып, жоспарға бірнеше жобалар енгізіліп, құрылды. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған іс-шаралар нақты жоспарланып, бірнеше жобалар аясында жүзеге асырылып жүргізілген. «Салауатты өмір салтын сақтау», «Дәстүр мен ғұрып» ,«Оқуға құштар мектеп» жобалары аясында танымдық шаралар жүргізілді.

**13.5 білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз**

**ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру.**

2018-2019 оқу жылында М.Құрманғалиева атындағы №32 мектеп-гимназиясында оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану, пәнге деген қызығушылығын арттыру, логикалық ойлауын дамыту мақсатында - 17 үйірме жұмыс жасады. Сурет үйірмесі бойынша Республикалық "Жас Фотограф» байқауында Адайбек Гүлдана –І орынға ие болды. «Сөз мерген» үйірмесі бойынша Ақтөбе қалалық «Мен Тәуелсіз елдің ұланымын» байқауында Дүйсенбаев Арсен –ІІІ орынға ие болды. Вокал үйірмесі бойынша Халықаралық «Әлем Таналт Старс» балалар мен жасөспірімдер байқауында Биғали Гүлсезім-ІІ орынға, Әбілқайыр Исламби – І орынға, Амантай Әмірхан-І орынға ие болды. Ақтөбе қаласының 150 жылдығы мерекесіне орай ұйымдастырылған вокал байқауында Қадыржан Шамшырақ-ІІІ орынға ие болды. «Жас Қыран» үйірмесі бойынша «ҚаҺарман-2019» байқауында 9 «Ә» класс оқушысы Мустафа Алмаз-ІІІ орынға, «Үздік командир» номинациясы бойынша –Қуандықов Азат марапатталды. "Самый прогрессирующий игрок" номинациясы бойынша Елубай Д-уман –ІІ орынды иемденді. Воллейбол-Зилгарин Е- І орын , Воллейбол -Даулет Т-ІІІ орын ,Воллейбол Зилгарин Е-ІІІ орын, Таэквондо -Мурат А-І орын, Шахматтан -Мухтар А- І орын-, Воллейбол-Жасулан Б-ІІІ орын-2019, Воллейбол-Али С-ІІІ орын, Воллейбол-Ранов Н-ІІІ орын, Воллейбол -Ранов Н-І орындарға ие болды.

| **2018-2019 оқу жылы бойынша** | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Р/с** | **Қалалық** | **Облыстық** | **Республикалық** | **Халықаралық** |
| Үйірмелер бойынша | 7 | 1 | 14 | 22 |
| Спорттық секциялар бойынша | 12 | 3 | 2 | - |

2019-2020 оқу жылында М.Құрманғалиева атындағы №32 мектеп-гимназиясында 19 үйірме жұмыс жасады. Олар: «Сурет өнері», «Вокал», «Домбыра», «Психология», «Драма», «Сахна баспалдағы», «Шебер қолдар», «Мұрагер», «Жас Қыран», «Волейбол», «Информатика», «Сөз мерген», «Өлкетану».

Вокал үйірмесі бойынша Республикалық «Жас өнерпаз» байқауынан 1»А» класс оқушысы Жадилла Али -1 орын, 2 «Г» класс оқушысы Қадыржан Шамшырақ-1 орынға ие болды. Жетекшісі Қазиева Назгүл Жеңісқызына Алғыс хат табысталды. Халықаралық «Галактика -2019» өнер шығармашылық байқауынан 5 «Б» класс оқушысы Амантай Әмірхан –Бас жүлдеге, 2»Б» класс оқушысы Қалқаман Фатима –Бас жүлдеге ие болды. «Сөз мерген» үйірмесі бойынша «Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығы» тақырыбында эссе байқауынан 8 «А» класс оқушысы Асқаров Асылбек –ІІ дәрежелі Дипломға, «Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы» тақырыбында өткен эссе байқауында 8 «В» класс оқушысы Нұрлыбек Әлішер -2 орынға, Сүндетова Наргиз-2 орынға ие болды. Спорттық секциялар бойынша мектептің құрама командасы Жеңілатлетикалық кросстан қалалық спортакиядадан 2 орынға ие болды. Ер балалар арасындағы «Волейбол» жарысынан микротоп арасында -2 орынға ие болды. Футбол жарысында 5-6 класс ер балалары арасында «Мектеп лигасында» микротоптар арасында -2 орынға ие болды. Билимбетов Дастьанның Қыз балалар арасындағы «Волейбол» үйірмесі бойынша 2008-2009 жылы туылған қыз балалар арасындағы облыстық жарыста -2 орынға ие болды.

| **2019-2020 оқу жылы бойынша** | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Р/с** | **Қалалық** | **Облыстық** | **Республикалық** | **Халықаралық** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Үйірмелер бойынша | 1 | 5 | 4 | 4 |
| Спорттық секциялар бойынша | 9 | 3 | - | - |

2020-2021 оқу жылында М.Құрманғалиева атындағы №32 мектеп-гимназиясында 18 үйірме онлайн және офлайн режимде жұмыс жасады. Онлайн форматтағы сабақтардың барлығы вотсап әлеуметтік желісі арқылы жүргізілді. Олар: «Сурет өнері», «Вокал», «Шебер қолдар», «Жас домбырашылар», «Дәстүрлі ән» , «Сиқырлы психология», «Қызықты психология», «Жас вокалшылар», «Музыка» әлемінде», «Сөз мерген», «Компьютер әлемінде», «Сөз өнері », «Абайтану», Волейбол, Футбол, «Ғажайып табиғат», «Дебат» және «Логика» үйірмелері. Вокал үйірмелері бойынша Республикалық байқауларда : Жандилла Али-1орын, Нуруллаева Айжан-2 орын, Қадіржан Шамшырақ-1орын, Амантай Әмірхан-Бас жүлде, Асрепова Жанат-1орын, Жасұланова Назерке-1 орын, Биғали Гүлсезім-2 орын, Куанышева Томирис-1 орындарға ие болды. ие болды. Халықаралық ән байқауларында: Амантай Әмірхан—3орын, Дулат Жанель-1 орын, Байғалиева Асылай-Бас жүлдеге ие болды.

| **2020-2021 оқу жылы бойынша** | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Р/с** | **Қалалық** | **Облыстық** | **Республикалық** | **Халықаралық** |
| Үйірмелер бойынша | - | - | 7 | 5 |
| Спорттық секциялар бойынша | - | 2 | - | - |

2021-2022 оқу жылында М.Құрманғалиева атындағы №32 мектеп-гимназиясында мектепішілік -10 спорттық секция жұмыс жасайды. Спорттық секцияларды біліктілік санаттар бар ұстаздар өткізеді. Олар: волейбол, баскетбол, тоғызқұмалақ, футбол, шахмат, үстел тенисі секциялары . Спорттық секцияларға 360 оқушы қатысады. Мектептен тыс үйірмелер мен спорттық секцияларға-780 оқушы қатысады. Олардың ішінде тілдік курстар, вокал, хореграфия, бейнелеу өнері және спорттық секция түрлері бар.Мектебіміздің ержүрек ер балалары да биылғы оқу жылында «5 күндік әскери дала жиынында» жүлделі І орынға ие болып, мектебіміздің абыройын одан әрі асқақтата түсті. Сонымен биылғы оқу жылында мектебімізде түрлі спорттық секциялар жүрді. Атап айтар болсақ: волейбол, баскетбол, футбол, тоғыз құмалақ, шахмат секциялары өтті.

| **2020-2021 оқу жылы бойынша** | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Р/с** | **Қалалық** | **Облыстық** | **Республикалық** | **Халықаралық** |
| Үйірмелер бойынша | 1 | - | - | 2 |
| Спорттық секциялар бойынша | 1 | 6 | 4 | - |

**М.Құрманғалиева атындағы №32 мектеп-гимназиясы оқушыларының мектепішілік, мектептен тыс үйірмеге қатысым көрсеткіші**

| Р/с | 2019-2020жж | 2020-2021жж | 2021-2022жж |
|---|---|---|---|
| **Барлық оқушы саны** | **1311** | **1369** | **1396** |
| **1** | Мектепішілік үйірмеге қатысатын оқушылар саны | | |
| | 838 оқушы | 477 оқушы | 360 оқушы |
| **2** | Мектептен тыс үйірмеге қатысатын оқушылар саны | | |
| | 403 оқушы | 532 оқушы | 880 оқушы |

**13.6. Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру(оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі)**

Осы өлшемшарт бойынша оқу жоспарлар мен сабақ кестелері, бейінді оқыту бойынша құжаттар жинақталды. 2017-2018,2018-2019, 2019-2020,2020-2021 жылдар арасында білім алушылардың таңдау пәндері мен бейіндік пәндері және вариативті компоненттегі сағаттары оқушылардың таңдаулары бойынша алынды. 2017-2018,2018-2019, 2019-2020,2020-2021 оқу жылдарында 10 сыныптардың білім алушыларының таңдауы бойынша бейінді оқытуға көшу туралы педагогикалық кеңесте қаралып, оқушылардың таңдауы бойынша тереңдетілген деңгейде пәндер таңдалып отыр .Бұл бейінді оқытуды таңдау барысында білім алушылардың ата-аналарымен, оқушылармен түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Мектеп-гимназияда 10-11 сыныптың білім алушылары жаратылыстану- математика және қоғамдық- гуманитарлық бағытта оқытылып жатыр.

2017-2018,2018-2019 оқу жылдарында сыныптар 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығының 7-8 қосымшасына сәйкес білім алды.

2019-2020 оқу жылында 10-11 сыныптар 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2018 жылғы 4 мамырдағы №441 бұйрығының 23,24-қосымшасына сәйкес білім алды.

2020-2021 оқу жылында 10-11 сыныптар 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2019 жылғы 15 мамырдағы №205 бұйрығының 1,2-қосымшасына сәйкес білім алды. Тереңдетілген деңгей 4 сағаттан 2 пән, стандарттық деңгей 2 сағаттан 1 пән, дүниежүзі тарихы, химия, физика,география,биология, кәсіпкерлік және бизнес негіздері оқытылды. Оқу жылдарында білім алушылардың өтініштері бойынша қажеттіліктері ескеріліп бейінді оқыту іске асырылды.

2021-2022 оқу жылында 10-11 сыныптар 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 27,29-қосымшасына сәйкес білім алуда.

Тереңдетілген деңгей 3 сағаттан 2 пән, стандарттық деңгей 2 сағаттан 1 пән, дүниежүзі тарихы, химия, физика, география, биология, кәсіпкерлік және бизнес негіздері оқытылады. Оқу жылдарында білім алушылардың өтініштері бойынша қажеттіліктері ескеріліп бейінді оқыту іске асырылуда.

**13.7.Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру.**

М.Құрманғалиева атындағы №32 жалпы білім беретін мектеп-гимназиясында 2017-2018,2018-2019, 2019-2020,2020-2021 оқу жылдарында ерекше білімді қажет ететін оқушы жоқ.

**13.8. ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру.**

Осы өлшемшарт бойынша 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесінің жұмыс оқу жоспары, сабақ кестесі жасалып, бекітіліп,жұмыстар жүргізілді. Вариативтік компонент үлгілік оқу жоспарына сәйкес жасалынды. 2017-2018 оқу жылының 3-4 тоқсаны,2018-2019, 2019-2020,2020-2021 оқу жылындағы вариативті компонент сағаттары «kundelik.kz» электронды журналында енгізіліп толтырылды.

***Облыстық байқау нәтижелері***

| | **Пәндік олимпиада** | **Ғылыми жоба** | **Шығармашылық** | **Түрлі олимпиадалар** |
|---|---|---|---|---|
| **2017-2018** | **27** | **37** | **28** | **17** |
| **2018-2019** | **18** | **32** | **37** | **48** |
| **2019-2020** | **18** | **26** | **32** | **55** |
| **2020-2021** | **10** | **13** | **25** | **73** |

***Республикалық байқау нәтижелері***

| | **Пәндік олимпиада** | **Ғылыми жобасы** | **Түрлі олимпиадалар** | **Шығармашылық байқаулар** |
|---|---|---|---|---|
| **2017-2018** | **4** | **7** | **56** | **55** |
| **2018-2019** | **2** | **11** | **48** | **59** |
| **2019-2020** | **0** | **1** | **99** | **78** |
| **2020-2021** | **1** | **7** | **141** | **95** |

***Халықаралық байқаулар нәтижелері***

| | **Интеллектуалдық сайыстар** | **Түрлі олимпиадалар** | **Шығармашылық байқаулар** |
|---|---|---|---|
| **2017-2018** | **538** | **26** | **19** |
| **2018-2019** | **245** | **26** | **24** |
| **2019-2020** | **128** | **29** | **31** |
| **2020-2021** | **140** | **21** | **29** |

**13.9. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсын зерделеу.**

Осы өлшемшарт бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын іске асыру жұмысы қаралды. Оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып

